

**Облыс әкімінің 2000 жылғы 29 мамырдағы "Науқастардың түрлері бойынша дәрі-дәрмектердің тізбесі және оларды дәрігерлердің рецепттері бойынша тегін босатудың нормалары туралы" N 127 шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 23 қазандағы N 257 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 27 қарашада N 507 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 25 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 25 шешімімен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы "Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" N 674 P000674\_ қаулысына сәйкес және клиникалық көрсеткіштерді ескере отырып науқастарды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

Облыс әкімінің 2000 жылғы 29 мамырдағы "Науқастардың түрлері бойынша дәрі-дәрмектердің тізбесі және оларды дәрігерлердің рецепттері бойынша тегін босатудың нормалары туралы" N 127 шешіміне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

3-1-тармақпен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"3-1. Облыс денсаулық сақтау департаменті бұл мақсаттар үшін қарастырылған бюджеттік қаражат шеңберінде клиникалық көрсеткіштері бойынша жекелеген науқастарға тегін дәрі-дәрмек босатудың жылдық нормасын көбейту мүмкіндігін қарау жөнінде комиссия құрсын";

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген науқастардың түрлері бойынша дәрі-дәрмектердің және дәрігерлердің рецепттері бойынша тегін босатылатындардың бір адамға шаққандағы жылдық нормаларының тізбесіне:

1-тармақтағы 4-бағанның "Морфин" жолындағы "270" саны "600" санымен ауыстырылсын;

4-тармақтағы 4-бағанның "Диакарб" жолындағы "4600" саны "6000" санымен ауыстырылсын;

8-тармақтағы 3, 4-бағандар мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын: "Азидотимидин (ретровир)", "108 г.";

12-тармақтағы 3-бағанның "Беклофорт" жолы мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын "(будесонид форте)";  
20-тармақтың 4-бағанындағы "200" саны "1000" санымен ауыстырылсын.  
Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК